Доссор кенті бойынша қоғамдастық жиналысының
№ 6 хаттамасы

Доссор кенті әкімдігі
Мәжіліс залы

03.03.2026 жыл
сағат: 15:00

Қатысқандар: жергілікті қоғамдастық төрағасы – Ғ.Габдуллин
жергілікті қоғамдастық кеңесінің мүшелері, тұрғындар (тізім бойынша).

Күн тәртібінде:

Ынтымақ шағын ауданындағы Жаяу Мұса көшесіне қосымша қосалқы трансформаторлық жиынтық стансасын (КТП) орнату және әуе элект желілерін тарту, кент әкімдігі ғимараты мен іргелес аумақтарды, бақылау бекеті мен айыппұл тұрағын күзету жұмыстарын ұйымдастыру туралы.

Жиналысты кент әкімі А.Космагамбетов ашып,қоғамдастық жиынға қатысушылар арасынан жиналыс төрағасы мен хатшы сайлану қажет екендігін түсіндірді. Жергілікті қоғамдастық жиналысының мүшелерінің ұсыныс-пікірлері тыңдалып, жиналыс төрағасы **Тулеуов Багитжан Кайрболатович,** хатшы болып **Куншыгаров Жумажан Темиргалиевич** сайланды. Жиналыстың төрағасы мен хатшысын сайлауда дауыс берушілердің «Қолдағандары»- 100%, «Қарсы», «Қалыс»- болған жоқ. Сөз кезегі жиналыс төрағасы Б.Тулеуовке берілді. Жиналыс төрағасы күн тәртібіндегі мәселе бойынша регламентке сәйкес, сөз сөйлеушілерге 5 минуттан, жарыссөзге 3 минуттан уақыт белгіленгендігін мәлімдеді.

Жиналыс төрағасы жиналысқа қатысушылардан күн тәртібіндегі мәселе бойынша ұсыныс- пікірлерін сұрады.

А.Космагамбетов: Ынтымақ шағын ауданындағы Жаяу Мұса көшесінде соңғы жылдары жеке тұрғын үйлер санының артып келе жатқанын, жеке үйлердің бір бөлігі мемлекет тарапынан (жеке кәсіпкерлерді тарту), ал бір бөлігі тұрғындардың есебінен салынғандығын атап өтті. Тұрғын үйлердің санының көбеюіне байланысты электр энергиясына түсетін жүктеме көбейіп, жаз және қыс мезгілдерінде электр қуатының жеткіліксіздігі байқалатынын айтты. Соның салдарынан тұрғындардың тұрмыста пайдаланатын мұздатқыштары, сплит- жүйелері және жылу қазандықтарының үздіксіз жұмыс істеуіне кедергі келтіріп, тұрғындарға келеңсіз жағдайлар туындатып жүргендігін жеткізді.

Б.Казангапов: Туындаған өзекті мәселені шешу үшін Жаяу Мұса көшесіне кернеуі 250 кВ қосымша қосалқы трансформаторлық жиынтық- КТП орнатуды ұсынды. Ынтымақ шағын ауданы жыл сайын үлкейіп келе жатырғандығын, тұтынушы үйлер де көбейгендіктен қолданыстағы бір дана КТП-ның тарататын тоғы жеткіліксіз екендігін айтты. Жаңадан қосымша бір КТП орнатып, оны қосу үшін жоғары кернеулі ВЛ-6 кВ әуе электр желісін тарту, ал тұрғын үйлерді электр қуатымен қамтамасыз ету үшін ВЛ-0,4 кВ әуе элект желілері арқылы үйлерді қосу жұмыстарын жүргізу қажеттілігіне тоқталды. Бұл жұмыстар тұрғындардың тұрмыстық жағдайларын жақсартуға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Г.Габдуллин: Кенттің әкімдігі ғимаратын, алаңын, қасындағы саябақ аумағын күзету қажет екендігін айтты. Себебі жаз мезгілдерінде жастар кент әкімдігі алаңына жеңіл көліктерімен жарысу, жиналған жастар саябақтарда, ескерткіш алаңында қоқыс шашу, шамдарды сындырып кету жиі орын алатындығына тоқталды.

Сонымен қатар, кент орталығынан үш шақырымнан аса аумақта, яғни Доссор-Атырау көлік жолының тұсында орналасқан бақылау бекеті мен айыппұл тұрағын тұрақты күзетпен қамтамасыз ету керектігін атап өтті. Айыппұл тұрағында жол қозғалысы ережелерін бұзған автокөліктер сақталатынын және көшеде қараусыз жүрген малдарды уақытша камалатындығы аталды. Осы нысандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тұрақты күзет ұйымдастыру ұсынылды.

М.Даулетбаев: 2026 жылды қаңтар айындағы жиналыста кенттегі М.Өтемісұлы мен Ш.Еркешов көшелерінің қилысындағы су бұрқағын басқа жерге басқа жерге көшіріп, оның орнына қала үлгісіндегідей заманауи бағдаршам, жол белгілері мен жол қауіпсіздігін қамтамасыз ететін техникалық құралдарды орнату қажеттігі туралы ұсыныс болғандығына, шешім қабалданғандығына тоқталды. Осы аталған жұмыстарды іске асыру жөнінде пікірін қосты.

Жиналысты қорыта келе, күн тәртібіндегі мәселе бойынша жергілікті қоғамдастық жиналысы **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ынтымақ шағын ауданындағы Жаяу Мұса көшесіндегі тұрғын үйлерді тұрақты және үздіксіз электр қуатымен қамтамасыз ету мақсатында аталған көшеге қосымша жаңа 250кВ кернеулі бір дана қосалқы трансформаторлық жиынтық стансасын (КТП) орнату ұйымдастырылсын.
2. Орнатылатын қосалқы трансформаторлық жиынтық стансасын (КТП) электр желісіне қосу үшін ВЛ-6кВ әуе элект желісін тарту жұмыстарын жүргізу және Жаяу Мұса көшесіндегі тұрғын үйлерді электр қуатымен қамтамасыз ету үшін ВЛ-0,4 кВ электр желілері арқылы үйлерді қосу жұмыстары қарастырылсын.
3. Кент әкімдігі ғимаратын, алаңын, аумағын және қасындағы саябақты күзету қызметі ұйымдастырылсын.
4. Кент орталығынан 3,3 шақырым қашықтықта орналасқан бақылау бекеті мен айыппұл тұрағын тұрақты күзетпен қамтамасыз етілсін.
5. Кенттегі М.Өтемісұлы мен Ш.Еркешов көшелерінің қилысындағы су бұрқағын басқа жерге көшіру жұмыстары іске асырылсын.
6. Аталған М.Өтемісұлы мен Ш.Еркешов көшелерінің қилысындағы жол қозғалысын реттейтін заманауи бағдаршам, жол белгілері және қажетті қауіпсіздік құралдарын орнату, сол аумақтың көлік жолын жөндеуден өткізу жұмыстары ұйымдастырылсын.

Жиналыс төрағасы: **Б.Тулеуов**

Жиналыс хатшысы: **Ж.Куншигаров**